

5 | КӘСІБИ БАЙҚАУЛАР



28.02.23 ж. Колледжде «Фармация» мамандығы студенттері арасында, білімдерін бекіту және жалпылау, кәсіби білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын және олардың дербес практикалық қызметке дайындығын тексеру, ұжымдық ойлау әрекетін жандандыру, икемділікке, ойлау жылдамдығына, жеке шешім қабылдауға баулу мақсатында «Озық фармацевт-2023» кәсіби сайысы өтті. Әділ қазылар алқасы: 1. Л.О. Айтқұлова - «NurKai» ЖШС директоры, 2. Н.К. Сүтбаева - «Амир и Д» дәріханасының рецептура бөлімінің меңгерушісі, 3. А.А. Оналбаева - «Ерқо» дәріханасының рецептура және өндіріс бөлімінің меңгерушісі, 4. Ш.С. Абдиева - «Садыхан» ЖШС директоры. Байқаудың жеңімпазы Ә. Манапова, Түркістан қаласында өтетін «Озық фармацевт-2023» республикалық байқауына қатысу құқығын жеңіп алды.

01.03.2023 ж. Колледжде "Мейіргер ісі" мамандығы IV курс студенттерінің арасындағы "Үздік мейіргер-2023" кәсіби сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: студенттерді мамандығына деген құзыреттілікті қалыптастырып, халықаралық стандарттарға негізделген кадрларды кәсіби мамандыққа дайындау. Бас жүлдеге А. Нұрғабұл 401М-9/20 топ студенті ие болды. Колледж студенттерінің кәсіподақ ұйымының атынан 10.000 теңге «Сертификаты» тапсырылды. I орынға 402 М- 9/20 Ұ. Мусабаяева және 404М-9/20 Ұ. Жусипова; II орынға 403 М- 9/20 А. Тлеубергенова; III орынға 404 М- 9/20 Қ. Сейділда ие болды. Сайысқа белсене қатысқаны үшін «Алғыс хат» пен сыйлықтармен Г. Мырзай 325М- 9/21 топ, А. Аяпбергенова 405М- 9/20 топ студенттері марапатталды. Әділ-қазылар мүшелері студенттердің білімдері мен тәжірибелік дағдыларына қанағаттанып, сайыскерлердің арасынан үздік деп таныған студенттерді Қ. Сейділда, Ұ. Жусипова жұмысқа шақырды.



02.03.2023 ж. Колледжде «Емдеу ісі» мамандығы «Фельдшер» біліктілігі IV курс студенттерінің арасындағы «Үздік фельдшер-2023» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Сайыстың мақсаты: Болашақ фельдшердің құзыреттілігін дамыту, олардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге көмек көрсету. Фельдшер жұмысында жоғары шеберлікті және кәсібилікті дәріптеу. Сайыстың әділ-қазылар алқасының төрайымы: «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» директоры Ж.Н. Сарыбекова. Әділ-қазылар мүшелері: С.К. Қоңырова, К.С. Қызғараева, Б.А. Абитаев, Б.Қ. Тойшыбаев, аудандық бөлімшелерінің меңгерушісі, А. Ережепов. «Үздік фельдшер-2023» кәсіби байқауының жеңімпазы А.А. Оман болды. Колледж студенттерінің кәсіподақ ұйымының атынан 10 000 теңге «Сертификаты» тапсырылды. I орынға А.А. Абдалиева, II орынға А.А. Қуанышбай, III орынға Н.Р. Жолшыбек ие болды. Сайысқа белсене қатысқаны үшін «Алғыс хат» пен сыйлықтармен Е.Е. Ермек, Е.С. Елемесов марапатталды.

02.03.2023 ж. Колледжде «Емдеу ісі» мамандығы «Фельдшер» біліктілігі IV курс студенттерінің арасындағы «Үздік фельдшер-2023» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Сайыстың мақсаты: Болашақ фельдшердің құзыреттілігін дамыту, олардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге көмек көрсету. Фельдшер жұмысында жоғары шеберлікті және кәсібилікті дәріптеу. Сайыстың әділ-қазылар алқасының төрайымы: «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» директоры Ж.Н. Сарыбекова. Әділ-қазылар мүшелері: С.К. Қоңырова, К.С. Қызғараева, Б.А. Абитаев, Б.Қ. Тойшыбаев, аудандық бөлімшелерінің меңгерушісі, А. Ережепов. «Үздік фельдшер-2023» кәсіби байқауының жеңімпазы А.А. Оман болды. Колледж студенттерінің кәсіподақ ұйымының атынан 10 000 теңге «Сертификаты» тапсырылды. I орынға А.А. Абдалиева, II орынға А.А. Қуанышбай, III орынға Н.Р. Жолшыбек ие болды. Сайысқа белсене қатысқаны үшін «Алғыс хат» пен сыйлықтармен Е.Е. Ермек, Е.С. Елемесов марапатталды.



03.03.2023 ж. Колледжде «Емдеу ісі» мамандығы, біліктілігі «Акушер» бітіруші 320 топ білімгерлері арасында «Үздік акушер» байқауы өткізілді. Сайыс 4 кезеңнен тұрады: I кезең - «Көкпар» - сайыскерлер 1 минутта қойылған сұрақтарға жылдам жауап беруі. II кезең - «Бәйге» - сайыскерлер ұяшық тандап, ситуациялық есептерді шешуі. III кезең - «Аламан бәйге» - сайыскерлер бір тәжірибелік дағдыдан көрсетеді. IV кезең - «Меже» - сайыскерлер клиникалық станцияларда шұғыл көмек көрсетеді. Әділ-қазылар алқасының төрайымы: Ж.Н. Сарыбекова - Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры. Әділ-қазылар алқасы мүшелері: 1. Т.Ә. Байзатова - қалалық көпбейінді аурухананың акушер-гинеколог дәрігері. 2. Б.Б. Келимбетова - Жамбыл облыстық перинаталдық орталығының патология бөлімінің аға акушері. 3. Т.Н. Оспанова - Жамбыл облыстық перинаталдық орталығының қабылдау бөлімінің аға акушері. 4. Н.К. Симейкина - №9 қалалық емхананың бас мейіргері. Бас жүлдеге А. Жүнісжан ие болды. Жамбыл жоғары медициналық колледж студенттері кәсіподақ ұйымы тарапынан 10 000 теңгелік сертификат тарту етілді. I орынға М. Жалғас, II орынға А. Сүйінбек лайық деп танылды. III орынды 2 сайыскер бөлісті - Н. Сайлаубай және Н. Ибаділда. Сайысқа белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен А. Келесбаева, Ә. Өтебай және Д. Жапсарбай марапатталды. Сайыскерлерге мақтау қағаздары, алғыс хаттар және колледж администрациясы тарапынан бағалы сыйлықтар тапсырылды.



03.03.2023 ж. Колледжде «Емдеу ісі» мамандығы, біліктілігі «Акушер» бітіруші 320 топ білімгерлері арасында «Үздік акушер» байқауы өткізілді. Сайыс 4 кезеңнен тұрады: I кезең - «Көкпар» - сайыскерлер 1 минутта қойылған сұрақтарға жылдам жауап беруі.

II кезең - «Бәйге» - сайыскерлер ұяшық тандап, ситуациялық есептерді шешуі. III кезең - «Аламан бәйге» - сайыскерлер бір тәжірибелік дағдыдан көрсетеді. IV кезең - «Меже» - сайыскерлер клиникалық станцияларда шұғыл көмек көрсетеді. Әділ-қазылар алқасының төрайымы: Ж.Н. Сарыбекова - Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры. Әділ-қазылар алқасы мүшелері: 1. Т.Ә. Байзатова - қалалық көпбейінді аурухананың акушер-гинеколог дәрігері. 2. Б.Б. Келимбетова - Жамбыл облыстық перинаталдық орталығының патология бөлімінің аға акушері. 3. Т.Н. Оспанова - Жамбыл облыстық перинаталдық орталығының қабылдау бөлімінің аға акушері. 4. Н.К. Симейкина - №9 қалалық емхананың бас мейіргері. Бас жүлдеге А. Жүнісжан ие болды. Жамбыл жоғары медициналық колледж студенттері кәсіподақ ұйымы тарапынан 10 000 теңгелік сертификат тарту етілді. I орынға М. Жалғас, II орынға А. Сүйінбек лайық деп танылды. III орынды 2 сайыскер бөлісті - Н. Сайлаубай және Н. Ибаділда. Сайысқа белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен А. Келесбаева, Ә. Өтебай және Д. Жапсарбай марапатталды. Сайыскерлерге мақтау қағаздары, алғыс хаттар және колледж администрациясы тарапынан бағалы сыйлықтар тапсырылды.

6 | АШЫҚ ДИАЛОГ

02.03.2023 ж. Колледжде "Білікті маман - болашағы зор мемлекеттің тұтқасы" тақырыбында Тараз қаласының емдеу мекемелерінің бас дәрігерлерімен ашық диалог алаңы өткізілді. Ашық диалог алаңында колледж директоры Ж.Н. Сарыбекованың 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы жылдық есебі тыңдалды. Болашақ мамандардың негізгі қызметімен, жұмыс берушілердің қазіргі медицина қызметкерлеріне қоятын талаптарымен түлектерді таныстырды. Кәсіби бағдар беру жұмыстарымен қатар емдеу мекемелерінің бас дәрігерлері болашақ мамандарға таңдаған мамандықтарының қыры мен сырын айтып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Бітіруші курс студенттері медициналық ұйымдары туралы ақпарат алды. Келген қонақтар студенттердің орындауында эн шашуларын тыңдап, колледж фитоөнімдерімен танысты. Ашық диалог алаңына Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «№2 Қалалық емханасы» ШЖҚ МКК бас дәрігері Ж.П. Тойшибекова, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» ШЖҚ МКК бас дәрігері Е.А. Сауранбаев, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК бас дәрігері Д.Ж. Қарибаева, "Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығы" КММ басшысы Қ.Д. Бибазарова мен мекеменің бас мейіргері Р.А. Сабырқұлова қатысты.

